

Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 3 тамыз 1993 ж. N 321-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы" 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 1066 және "Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесін құру туралы" 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 1069 Жарлықтарын атқару үшін және шет елдерде нарықтық экономика кадрларын даярлауды ұйымдастыру мен үйлестіру мәселелерін ретке келтіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері нарықтық экономика кадрларын республикада және одан сырт жерлерде даярлау және қайта даярлау жөніндегі ұсыныстарын міндетті түрде Экономика министрлігіне жіберетін болсын.

2. Экономика министрлігі нарықтық жаңғырулардың негізгі бағыттары бойынша кадрларды оқыту мен мамандардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөнінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесінің қарауына ұсыныстар енгізсін.

3. Экономика Министрлігі басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, екі ай мерзімде нарықтық экономика бойынша Қазақстанның жоғары және арнаулы оқу орындарына және шет елдерге оқуға жіберілетін кадрларды іріктеудің тетігі, әрі оларды алдағы уақытта мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарында пайдаланудың тәртібі туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесіне енгізсін.

4. Министрліктерге, ведомстволарға, жергілікті әкімдерге, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарға нарықтық экономика бойынша кадрлар даярлау мен қайта даярлау шеңберінде басшы қызметкерлер мен мамандарды Экономика министрлігінің келісімінсіз әрі Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесінде қарамайынша шет елдерге оқуға жіберуге тыйым салынсын.

5. Нарықтық экономика бойынша кадрларды оқыту және қайта даярлау үшін мемлекетаралық келісімдер, шетелдер және халықаралық қаржы мен экономика ұйымдарының техникалық көмегі шеңберінде көзделген қаражатты бөлу құқығы Экономика министрлігіне жүктелсін.

6. Министрліктер, ведомстволар, жергілікті әкімдер мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар тоқсан сайын Экономика министрлігіне есеп берілген тоқсаннан кейінгі келесі айдың 15-не дейін нарықтық экономика бойынша кадрлар даярлау мен қайта даярлау бағдарламалары жөнінен ақпарат беріп тұрсын.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК